

С. Жуматай\*, С.К. Кабылтаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: kopeev95@mail.ru; uteubaeva81@mail.ru)

## XX ғ.басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі Шаймерден Қосшығұлұлының қызметі және атқарған рөлі

Қазіргі тарих ғылымында XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының мәселелерін зерттеу ең өзекті әрі күрделі мәселелердің бірі. Қазақтардың тарихында XX ғасырдың басы ерекше орынға ие. Осы кезеңдегі қазақ халқының қоғамдық-саяси тарихын қарастыру XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қалыптасқан қазақтардың мүддесін қорғаған интеллигенциямен тығыз байланысты. Егер XX ғасырдың тарихына үңілетін болсақ, қазақ интеллигенциясы әйгілі жарқын тұлғалардың қалыптасуына алып келгендігін көруімізге болады және ондай тұлғалардың бірі — Шаймерден Қосшығұлұлы. Шаймерден Қосшығұлұлы екі рет (I-ші және II-ші) Мемлекеттік думаға сайланған, 1906 ж. Бүкілресейлік мұсылман фракциясына және оның бағдарламасын өңдеуге қатысқан. Бұл үлкен қоғамдық-саяси маңызы бар оқиға болып саналады. Сондықтан мақалада Шаймерден Қосшығұлұлының қоғамдық-саяси қызметі қарастырылған және оның атқарған рөліне талдау жасалған.

*Кілт сөздер:* Шаймерден Қосшығұлұлы, Қазақстан тарихы, I және II Мемлекеттік дума, XX ғ. басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихы, қазақ интеллигенциясы, элита, мұсылман фракциясы.

### Кіріспе

Өзімізге белгілі, көптеген жағдайларда Ресей империясындағы XX ғасырдың басталуын «соғыстар және революциялар» кезеңі деп анықтайды. Шынымен, XX ғасырдың алғашқы екі онжылдығының барысында Ресей империясы өзінің тарихи даму бағытын түбегейлі өзгеріске ұшыратқан жаһандық оқиғаларды басынан өткізді. Соның ішінде, 1905-1907 жылдардағы орыс революциясы жеңіліс тапқанымен, оның қазақ қоғамы сана-сезімінің және өлкедегі демократиялық қозғалыстың дамуына ықпалы жоғары болды. Себебі, осы революциялық оқиғалардың әсерінен Қазақстанда барлық әлеуметтік, этникалық және конфессиялық топтардың «оянуы» жүзеге асырылды, саяси партиялар мен қозғалыстар құрылды және қазақ халқының ерен жүйрік ұлдары — әйгілі тұлғалар саяси аренаға шыға бастады. Әрине, діни және саяси көтерілу қазақтардың қоғамдық санасына айтарлықтай өзгерістер енгізіп, отарлауға қарсы бағытталған қоғамдық қозғалыстардың дамуына ықпал етті. Отандық тарихнамада XX ғ. басындағы қазақ дін басыларының қазақ интеллигенциясымен байланыса отырып, саяси үрдістерге араласуы аз зерттелген. Қазақ дін басылары саясаттан алыстамай, харекетшіл әрі белсенді күш ретінде дамыды, олардың сауатты бөлігі отарлауға қарсы талаптармен қатар конфессиялық мәселені жетік түсінді. Шаймерден Қосшығұлұлы сияқты мұсылмандық қызметкерлер орыс тілін білмегеніне қарамастан патша өкіметіне қарсылық танытып, халық арасында үгіт-насихаттар жүргізді. Осы тұрғыдан алғанда Бүкілресейлік мұсылман съездеріне қатысып және Ақмола облысының сайлаушылары атынан Ресей империясында революция толқынымен құрылған Мемлекеттік думаның алғашқы екі шақырылымына да депутат болып сайланған, қазақ қауымына танымал қоғам қайраткері ретінде танылған Шаймерден Қосшығұлұлының қызметі мен атқарған рөлін зерттеудің қажеттілігі бар.

### Зерттеу әдісі

Шаймерден Қосшығұлұлының өмірі мен қызметіне қатысы бар материалдарды өңдеу және оған талдау жасау барысында мақала көлемінде қарастырылған мәселенің мәнін ашу үшін тарихи-жүйелілік және тарихи-салыстырмалы әдістері қолданылды. Осымен бірге, Шаймерден Қосшығұлұлының тұлғалық қалыптасуы барысында маңызды рөл атқарған объективті және субъективті жағдайларды қарастыруда жағдаяттық тәсіл қолданылды. Ш. Қосшығұлұлының өмірі мен қызметін зерттеу барысында кез келген бір жеке тұлға өмірінің тарихын зерттеуде қолданылатын биографиялық әдіс пайдаланылды.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kopeev95@mail.ru

## Мәселені талқылау

Ш. Қосшығұлұлы — Ақмола облысы Көкшетау уезі Қотыркөл болысының тумасы. Ауыл молдасынан хат таныған. Ол бала кезінен бастап мұсылманшылдық пен құқықтың негіздерін оқыған, ал оның қайырымдылық, діни-сенім және әділетсіздікке қатысты пікірлері халық арасында кеңінен тараған. Көкшетаудағы Науан хазірет медресесінде, одан соң Бұхарада сауатын жетілдіреді. Осы кезеңдерде Шаймерден Қосшығұлұлы халық арасында таныла бастап өзіндік беделге ие бола бастайды. Ол белсенді түрде отарлау саясатына, әсіресе патшалық империяның қоныстандыру және аграрлық саясатына қарсылық көрсетті. Себебі ХХ ғ. басында патша өкіметі қазақ жерін басқару бойынша жаңа тәртіптер енгізе бастады және бұл тәртіптердің бірі рухани мекемелер мен мектептерге қатысты болды. Осы кезеңде Ақмола, Петропавл, Көкшетау және Павлодар облыстарында мешіттер жабылып, молдаларға шариғат бойынша қызмет көрсетуге тиым салынды.

1900 ж. патша билігінің өкілдері халықты ислам дінінен бас тартып, христиан дінін қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында Көкшетауға келген. Осы орайда Троицкий Көкшетау уезінің билерін жинап, оларды *«Вы, киргизы, раньше жили по закону мусульман – шариату. Это – устаревший устав. Теперь проповедники шариатского закона, муллы будут привлекаться к наказанию»* [1] деген жарғымен таныстырады. Осымен бірге, Троицкий ашық түрде алдын-ала даярланған кресттерді таратып, жергілікті халықты күшпен шоқындыруға ұмтылыс жасаған. Шіркеу қызметкерінің пікірі бойынша Ресей империясының халқы бір дінге сену қажет болған. Бұны жүзеге асыру үшін орыс тіліне назар бөлінген, яғни оқушылар өзара тек қана орыс тілінде сөйлеу қажет болған [1]. Шаймерден Қосшығұлұлы өзінің ұстазы Науанмен бірге жоғарыда аталған жарғыға қарсылық танытады. Олр халыққа бұл саясаттың дұрыс еместігін түсіндіріп, мұсылмандықты сақтап қалу шараларын жүргізеді. Атап айтқанда, олар патша атына хат жазып, қол жинаумен айналыса бастайды және облыстың танымал тұлғаларына, қолдау көрсету жөніндегі хаттар жазған. Мысалы 1903 ж. Абай Құнанбаевқа патшалық тәртіптің содыр саясаты туралы, осыған бүкіл қазақ болып тізеге тізе қоса отырып, қарсы шығу туралы екі рет хат жазған. Осындай әрекеттері үшін Ш. Қосшығұлұлы патшалық өкімет тарабынан тінтуге алынады және тінту барысында Ш. Қосшығұлұлының қалтасынан Семей губерниясына жіберген хатының пошта түбіртегі, осымен бірге Көкшетау мешітінен күмәнді 164 кітап пен қолжазбалар шығады. Ш. Қосшығұлұлының Абай Құнанбаевқа жазған хатының мазмұнын тексеру мақсатында Ақмола облысының генерал-губернаторы Романов келесідей бұйрық шығарады: *«У Косшыгулова нашлись почтовые квитанции. Он 6 июня 1902 года отправил письма Садвакасу Шорманову в Батовске и Кеншинову в Зайсане, 7 марта 1903 года Кунанбаеву в Семипалатинске. Надо провести обыск. Романов, генерал-губернатор Акмолинской области»* [2].

Әрине, Н. Таласов пен Ш. Қосшығұлұлы, басқада билер мен молдалар Ресейдің отарлау саясатына қарсылық танытып, қазақ қоғамын тұтастай қамтитын тәуелсіз діни ұйым құруға талпыныс жасады, сондықтан олар қазақ қоғамында құрметпен танылған Абай Құнанбаевқа үлкен үміт артты. Ал, патша өкіметі Шаймерденнің Абайға жазған хатын Петербургтен бастап Абайдың ауылына дейін аңду жүйесін құрады. Нәтижесінде, 1903 ж. сәуірінде Семей уезінің басқарушысы Навроцкий бастаған әскери жасақ Абай Құнанбаевтың ауылын қоршауға алып, ақынды тергеген. Бұл жөнінде Навроцкийдің қаулысында: *«23 апреля 1903 года. Я, начальник Семипалатинского уезда Навроцкий, с целью выполнения задания военного губернатора Семипалатинской области № 111 от 18 апреля 1903 года прибыл в Чингизскую волость в аул киргиза Ибрагима Кунанбаева. Согласно вышеуказанному заданию господина губернатора тщательно провел обыск зимовья и дома Кунанбаева... Во время обыска Ибрагима Кунанбаева на мой вопрос «Не получал ли ты какого-либо письма из Кокчетав?» — Кунанбаев ответил так: «Этой зимой, два месяца назад, получил от неизвестного человека заказное письмо. Ответ просил написать на имя Зайта Баширова. Неизвестный человек в письме просит помочь почётного казаха Семипалатинской области Кунанбаева оказать содействие перед правительственными органами в организации духовного собрания мусульман казахов»* [3] деп көрсеткен.

Осылардың нәтижесінде, 1903 ж. Көкшетау уезінде Ресейдің отарлау саясатына қарсылық білдіру туралы үндеухат таратқаны үшін Ш. Қосшығұлұлы сотқа тартылады. Сот келесідей шешім шығарады: *«...рассмотрев обстоятельства дела муллы Таласова и содержащегося под стражей помощника муллы Косшыгулова, постановить: выслать названных двух лиц в Восточную Сибирь в местность по усмотрению Иркутского генерал-губернатора под гласный надзор сроком: Коцегулова на 5 лет, Таласова на 3 года, считая срок с 12 июня 1903 года»* [4]. Шаймерден Қосшығұлұлының мұнан кейінгі өмірі шырғалаң оқиғаларға толы болды. Ә. Бөкейхан мен М. Сердалин жауапты орындардың

есіктерін күзетіп, орыс ғалымдарының ақыл-кеңестерін тыңдап жүріп, бірнеше министрдің қабылдауында болады. Осы еңбектері зая кетпей, Шаймерден мен Наурызбайды абақтыдан 1905 ж. босатып алады. Олар осы жылы М. Тынышбайұлы, С. Шипабекұлы сияқты қайраткерлермен бірге Петербургке барып, патша өкіметіне қарсы шеруге шығады. Осыдан кейін Нижний Новгород қаласында ашылған Жалпыресейлік мұсылмандар съезіне қатысады.

XX ғасырдың басында мұсылман халықтары мұсылмандардың Бүкілресейлік съездерін өткізе бастады. Мұсылмандардың алғашқы съезі 1905 жылы 15 тамызда Нижний Новгородта өтті. Бұл съезге Түркістан, Сібір өлкесінен, Кавказ бен Қырымнан 150-ге жуық делегат қатысты. И. Гаспринскийдің төрағалығымен өткен бұл құпия съезде делегаттар патша билігінің отаршылдық саясатын, мұсылмандардың құқықтарын шектеуді сынға алды. Ресей азаматтарының тіліне, дініне, ұлтына, жынысына қарамастан тең құқықты талап ету туралы шешім қабылданды.

1906 жылы 15-23 қаңтарда Санкт-Петербургте өткен мұсылмандардың екінші Бүкілресейлік съезіне Ш. Қосшығұлов, С. Жантөрин, Ө. Танашев, М. Оразаев және қазақ зиялыларының басқа да өкілдері қатысты. Мұндай съезді өткізуге рұқсаттың болмауына байланысты жиналыстар қонақүйлерде, пәтерлерде құпия түрде өтті. Күн тәртібінде Ресей мұсылмандарының саяси органын ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Делегаттардың шешімімен бұл ұйым «Ресей мұсылмандарының одағы» («Иттифак ул-муслимин») деп аталды. Жарғыға сәйкес, 16 қалада партия бөлімшелерін ашу туралы шешім қабылданды, олардың арасында Орынбор, Астрахань, Қызылжар, Семей, Верный, Ташкент, Ашхабад болды.

Патша билігінің рұқсаты бойынша Мұсылмандардың үшінші бүкілресейлік съезі 1906 жылы Нижний Новгородта өтті. Бұл съезге қазақ зиялыларының өкілдері Ш. Қосшығұлов, С. Жантөрин, Ж. Алдоңғаров, Н. Сүлейменов қатысты. Шаймерден Қосшығұлов партия бағдарламасын әзірлеу жөніндегі комиссияның құрамына сайланды. Съезде бұл құжат қабылданды және «орыс мұсылмандары одағы» кадеттер партиясы сияқты жерге жеке меншікті қолдағанына қарамастан, бірақ мұсылман халықтарының мүдделерін қорғау және орыс шаруаларының алыс аймақтарға қоныс аударуын тоқтату қажеттілігін білдірді. Партия басшылығының құрамына А. Топчибашев, И. Гаспринский, А. Ибрагимов, М. Бигиев, Ш. Қосшығұлов және С. Жантөрин сайланды.

Осылайша Шаймерден Қосшығұлұлының қатысуымен мұсылмандық қозғалыс деңгейіндегі съездер жер, дін және оқу-ағарту, жергілікті басқару, Ресейдің мемлекеттік құрылымы туралы мәселелерді қарап, талқылап отырды. Әсіресе мемлекеттік, оның құрылымы түрі жайында үлкен пікірталастар орын алды. Мұның өзі мұсылмандық қозғалыстың іс-әрекетінің бағыт-бағдарын анық көрсетіп берді.

Ш. Қосшығұлұлының мұнан кейінгі қызметі Дала өлкесіндегі I және II Мемлекеттік Думамен байланысты болды. Өзімізге белгілі, XX ғ. басында Ресейдің қоғамдық-саяси өмірінде күрделі оқиғалар мен елеулі өзгерістер орын алды. Соның ішінде назар аударарлық мәселе — буржуазиялық демократиялық даму жолына бағытталған өзгерістер, яғни Мемлекеттік думаның шақырылуы болды. Себебі мұндай Жоғары заң шығарушы органның 1905-2017 жж. арасындағы қызметі Ресей тарихында, оның құрамына кірген халықтардың өмірінде айтарлықтай із қалдырған демократиялық идеяның көрінісі болды. Дума Ресейде құрылған партия фракцияларының және ұлт аймақтардағы ұлт азаттық қозғалыстардың өкілдерінің бас қосқан маңызды мәселелерді талқылайтын бірден бір өкілетті форумға айналды. Шаймерден Қосшығұлұлының қоғамдық-саяси қызметі осы Мемлекеттік думаның I-ші және II-ші шақырылымымен тығыз байланысты болды. Атап айтқанда, 1906 ж. маусымда Дала өлкесі халықтарының арасынан I Мемлекеттік думаға депутаттарды сайлау өтті. Көкшетауда өткен Ақмола облысы сайлаушыларының жиналысы нәтижесінде Думадағы қазақ халқының өкілі ретінде көкшетаулық молда Шаймерден Қосшығұлұлы сайланды. Әрине, Ақмола облысынан қазақтардың I Мемлекеттік думаға сайлануы күрделі жағдайда өтті. Көкшетауда өткен депутат сайлауына алты адам қатысып, 36 жасар Шаймерден Қосшығұлұлы 94 дауыспен жеңіске жеткен [5; 79]. I Дума шеңберіндегі Шаймерден Қосшығұлұлының қызметі үкіметтің және оның жекелеген мүшелерінің саясатын сынға алумен, комиссия сайлаумен және патша үкіметіне жауап сөздерін даярлаумен және сонымен бірге I Думаның көтерген негізгі мәселесі аграрлық саламен тығыз байланысты болды. Ол өз жерлестерінің арасында көшпелі халықтардың мүдделерін отарлау мен қоныстандырудан қорғаумен ерекшеленді. I Думаның 1906 жылдың сәуірінен бастап шілдеге дейін қысқа уақыт жұмыс жасағанына қарамастан, оның қызметі Ресей империясының саяси дамуының маңызды факторына айналып, қоғамдық өмірдің көптеген салаларына өзінің ықпалын тигізді.

1907 жылдың қаңтар-ақпан айларында Дала өлкесінде ІІ Мемлекеттік думаға сайлау жұмыстары өтті. Сайлаудың нәтижесінде ІІ Думаға Ақмола облысынан екінші рет Ш. Қосшығұлұлы, Семей облысынан Т. Нурекенов, Семей облысының орыс халықтарынан Н.Я. Коншин, Сібір казак әскері атынан И.П. Лаптев, Ақмола облысының орыс халықтары арасынан социал-демократ А.К. Виноградов сайланды [5; 41]. ІІ Думада да сайланған депутаттар Ресейде аграрлық реформаны жүргізу, дін бостандығы мен демократиялық қайта құрулар мәселесі көтерілді.

Осылайша І-ші және ІІ-ші Мемлекеттік думаға сайлау алдындағы кампаниялар және сайлаудың нәтижелері Дала өлкесі халықтары мен Ш. Қосшығұлұлының демократиялық өзгерістерге деген қызығушылықтары мен талпыныстарын көрсетіп берді. Бұл өз кезегінде патша өкіметінің тарабынан жүзеге асырылған сайлау құқықтарының қысқартылуына және келтірілген кедергілерге қарамастан І және ІІ Думаға Ш. Қосшығұлұлы сияқты халық арасында беделі бар және патшалық Ресейдің әлеуметтік-саяси құрылысының қайта құрылуын қалаған жеке тұлғалардың сайлануына ықпал етті. Ш. Қосшығұлұлы сайлаушылардың жүктеген аманатын жүзеге асыруға және өздерінің міндеті мен көзқарастарына берік болды.

Осымен бірге, ислам әлемін біріктіру, білім-ғылымды насихаттау, ұлттық автономиялардың негізін қалауды мақсат еткен «Серке» газетінің редакторы ретіндегі Ш. Қосшығұлұлының қызметі маңызды. «Серке» газетінің шығу тарихы туралы «Айқап» журналының редакторы Мұхамеджан Сералиннің 1911 жылы журнал оқырмандарына арнап жазған мақаласында: «1907 жылы ІІ Мемлекеттік думаның мүшесі Шаймерден Қосшығұлұлының ыжтиһаты менен Петербурда «Серке» есімді журналы шыға бастап еді, ұзаққа бармай, үкімет тарапынан тоқтатылды» деп көрсетілген [6]. Бас редактор — Ш. Қосшығұлұлының айтуы бойынша, газеттің аты неліктен «Серке» деп аталған себебі, ол боранда қой бастайтын көсем мағынасында қолданылатын ұғым. Ол «Улфат» газетінің 67-санына қосымша болып шықты. Газет шыққаннан кейін бірнеше күн өткеннен кейін полиция келіп, баспадағы бүкіл даналарын жинап, құлыптап кетеді. Ақпараттарға сүйенсек «Серке» газетіне жазылған кейбір мақалаларда қазақ халқын үкіметке қарсы үгіттеу бар, содан ұсталды, — деп жазылған. Барлық қиындықтарды еңсере отырып, «Серке» газетінің негізін қалаушылар прагматикалық білімді және көреген бола білді. Сондай-ақ мақсаттар мен міндеттерді күш қолданбайтын қарсылық пен күрес жолымен қолданыстағы құрылым шеңберінде жүзеге асыруға тырысты. Дегенмен, отаршылдық империялық тәртіпте өмір сүре отырып, аталған газет өз қызметін тоқтатты. Шаймерден Қосшығұлұлының бастауымен шыққан «Серке» газетінің түпкі мақсаты елдің жағдайын ойлаған, ұлт мүддесі үшін күрескен зиялы қауымның саналы іс-әрекетінің салдарынан дүниеге келген ұлттық бағыттағы саяси басылым. Сондықтан «Серке» газеті секілді қазақ тілінде және биресми газет шығуы ұлт және оның мүддесі үшін тарихи маңызы өте зор.

1917-1919 жж. Шаймерден Қосшығұлұлының қызметі Алаш қозғалысымен байланысты болды. Осы себептен, кеңес үкіметі құрылғаннан соң ол коммунистік идеологияның жауы ретінде танылып, қудалауға ұшырайды. 1931 ж. үш жылға қамауға алынып, жер аударды. 1932 ж. Омбыға таяу жердегі Марияновка станциясы маңында қайтыс болады. Өкінішке орай, ұзақ жылдар бойы Шаймерден Қосшығұлұлының есімі ұмытылып келді. Оның есімі 1989 ж. 19 қыркүйектегі Көкшетау облыстық сотының қаулысына сәйкес толық ақталды.

### *Қорытынды*

XX ғ. басындағы Қазақстанның саяси-қоғамдық өміріндегі Шаймерден Қосшығұлұлының атқарған қызметі мен рөлі жоғары. Ол қазақтардың арасында айтарлықтай қадірлі тұлғалардың, қазақ жерінің шынайы патриоты және өлкедегі мұсылманшылдықты қорғаған ұлы тұлғалардың бірі. Ақмола облысының атынан І және ІІ Мемлекеттік думаға алғашқылардың бірі болып сайланып, күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер, соның ішінде аграрлық реформаны жүргізу, дін бостандығы мен демократиялық қайта құрулар үшін күресті. Сондықтан Ресейдің І және ІІ Мемлекеттік дума жұмысына қатысып, онда қазақ халқының мүддесін қорғаған халқымыздың үздік өкілдерінің, соның ішінде Ш. Қосшығұлұлының қызметі Қазақстан тарихында өзіндік маңызды орынға ие.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Год мыши в истории Казахстана. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/4622>.
- 2 ЦГА РК. — Ф. 369. — Оп. 17. — Д. 871. — Л. 35.

3 Обыск или характеристика, оставленная в истории. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://daz.asia/ru/obysk-ili-harakteristika-ostavlennaya-v-istorii/>.

4 ЦГА РК. — Ф. 64. — Оп. 1. — Д. 938.

5 Буктургутова Р.С. Общественное движение в Степном крае в конце XIX–начале XX вв.: автореф. дис. ... д-ра ист. наук. Спец. 07.00.02 — «Отечественная история» / Р.С. Буктургутова. — Омск, 2007. — 51 с.

6 Мулла Шайке. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/3885>.

С. Жуматай, С.К. Кабылтаева

### Роль и деятельность Шаймердена Косшыгулова в общественно-политической жизни Казахстана в начале XX века

Осмысление проблемы истории Казахстана в начале XX века является одним из актуальнейших, сложнейших и во многом противоречивых вопросов современной исторической науки. Начало XX века в истории казахов занимает особое место. Широкое рассмотрение вопросов общественно-политической истории казахского народа тесно связано с элитой, формировавшейся в конце XIX–начале XX веков, интеллигенцией, представляющей интересы казахского народа. При внимательном изучении истории XX столетия видно, что казахская интеллигенция породила немало выдающихся ярких личностей, и одним из таких ярких представителей является Шаймерден Косшыгулов. Ш. Косшыгулов дважды избирался в Государственную думу, в 1906 году участвовал во Всероссийской мусульманской фракции и в разработке ее программы, что является событием большого общественно-политического значения. В связи с этим в статье рассмотрены общественно-политическая деятельность и роль Шаймердена Косшыгулова.

*Ключевые слова:* Шаймерден Косшыгулов, история Казахстана, I и II Государственная дума, общественно-политическая история Казахстана в начале XX века, казахская интеллигенция, элита, мусульманская фракция.

S. Zhumatay, S.K. Kabylytayeva

### The role and activities of Shaimerden Kosshygulov in the social and political life of Kazakhstan in the early twentieth century

Understanding the problems of the history of Kazakhstan at the beginning of the 20th century is one of the most urgent, complex and in many ways controversial issues of modern historical science. The beginning of the 20th century occupies a special place in the history of the Kazakhs. A broad consideration of the issues of the socio-political history of the Kazakh people is closely connected with the elite, which was formed in the late nineteenth and early twentieth centuries, the intelligentsia, representing the interests of the Kazakh people. If you look closely at the history of the twentieth century, then the Kazakh intelligentsia gave birth to many outstanding bright personalities, and one of them is Shaimerden Kosshygulov. Sh. Kosshygulov was twice elected to the State Duma, in 1906 he participated in the All-Russian Muslim faction and in the development of its program, which is an event of great social and political significance. In this regard, the article deals with the socio-political activities of Shaimerden Kosshygulov.

*Key words:* Shaimerden Kosshygulov, history of Kazakhstan, I and II State Duma, socio-political history of Kazakhstan in the early twentieth century, Kazakh intelligentsia, elite, Muslim faction.

#### References

1 God myshi v istorii Kazakhstana [Years of mice in the history of Kazakhstan]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/news/show/4622> [in Russian].

2 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 369. — Op. 17. — D. 871. — L. 35 [in Russian].

3 Obysk ili kharakteristika, ostavlennaiia v istorii [Obysk or characteristics left in history]. Retrieved from <https://daz.asia/ru/obysk-ili-harakteristika-ostavlennaya-v-istorii/> [in Russian].

4 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 64. — Op. 1. — D. 938 [in Russian].

5 Bukturgutova, R.S. (2007). Obshchestvennoe dvizhenie v Stepnom krae v kontse XIX–nachale XX vv. [Social Movement in the Steppe Territory in the late 19th — early 20th centuries]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Omsk [in Russian].

6 Mulla Shaike [Mulla Shaike]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/news/show/3885> [in Russian].